АҚПАРАТТЫҚ ХАТ

ҚҰҚЫҚ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ҒЫЛЫМДАР БОЙЫНША ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯ

SDU университеті, Құқық және Әлеуметтік ғылымдар факультеті жанындағы Орталық Азия зерттеу орталығы (CARC) Джордж Вашингтон университетіндегі (АҚШ) Орталық Азия бағдарламасымен (CAP) бірлесе отырып, 2025 жылдың 17-18 сәуір күндері құқық және әлеуметтік ғылымдар бойынша халықаралық конференция өткізеді. Конференцияның тақырыбы – «**Өзгермелі әлемдегі Орталық Азия: аймақтық субъектілік, құқықтық сын-қатерлер және медиа ландшафт**». Конференция құқық және әлеуметтік ғылымдар саласы бойынша әлемнің түкпір-түкпірінде еңбек етіп жүрген ғалымдарға, зерттеушілерге, кәсіби мамандарға, докторанттар мен магистранттарға ортақ алаң ұсынады. Аталған іс-шара барысында беделді спикерлер мен ғалымдар баяндама жасап, пікірталастар өткізеді.

Конференция күні: 17-18 сәуір 2025 жыл
Конференция орны: SDU университеті, Қаскелең, Қазақстан

Конференция туралы

Аталған конференция Орталық Азия елдерінің Еуразия аймағында қалыптасқан күрделі геосаяси ахуалдағы түрлі мәселелерді еңсеру барысына назар аудара отырып, олардың рөлі мен аймақтық субъектілігін қарастырады. Пәнаралық тәсілді қолдана отырып, аталған іс-шара Орталық Азиядағы саяси оқиғалар, сыртқы саясат, аймақтық ынтымақтастық, құқықтық сын-қатерлер, гендерлік көзқарастар және медиа ландшафт бағыттарына басымдық береді. Конференция құқық, халықаралық құқық, медиа зерттеулер, халықаралық қатынастар және гендерлік зерттеулер бойынша секциялар түрінде өтеді.

Жұмыстар келесі тақырыпшалар бойынша қабылданады (бірақ олармен шектелмейді):

- **Құқық:** жария құқық, жеке құқық, халықаралық құқық
- **Қоғам және кімдік:** отарсыздану, аймақтық тұтастық пен бірегейлік, адам құқықтары, инклюзивтілік
- **Экономика және қауіпсіздік:** энергетикалық қауіпсіздік, экономикалық дәліздер, сауда
- **Геосаясат:** аймақтық қауіпсіздік, халықаралық қақтығыстар
- **Саясат:** аймақтық интеграция, сыртқы саясат пен ішкі саясаттың өзара байланысы, басқа ұлттар туралы қоғамдық пікір
- **Әлеуметтік мәселелер:** гендерлік аспектілер, жастарды қолдау, әлеуметтік және демографиялық мәселелер
- **Қоршаған орта:** экологиялық мәселелер, тұрақты даму, жаңартылатын энергия көздері
- **Миграция:** шекаралық динамика және миграциялық үрдістер

- **Медиа және дезинформация:** жалған ақпарат тарату, үгіт-насихат, медиа сауаттылық, деректерді қорғау, дата журналистика, ақпараттық соғыс, Орталық Азиядағы медиа ахуал.

Конференция Орталық Азия аймағындағы маңызды өзгерістер туралы жаңа идеяларды ортаға салатын жеке баяндамалар, толық панельдер, дөңгелек үстелдер және кітап талқылауларына арналған ұсыныстарды қабылдайды.

Конференцияның жұмыс тілдері – ағылшын, қазақ және орыс тілдері. Конференцияға қатысу тегін.

Ұсыныстарды жіберу бойынша нұсқаулық

Конференцияға қатысу үшін конференция сайтындағы (https://sdu.edu.kz/language/kz/iclsskz/) өтінім формасын толтырыңыз. Панельдер мен дөңгелек үстелдерге ұсыныстар жіберу үшін тақырыптың қысқаша сипаттамасын, мақсаттарын және спикерлердің аты-жөндері жазылған Word файлды жүктеңіз. Жеке баяндамаға ұсыныс беру үшін зерттеу мақсаттары, әдіснамасы және негізгі нәтижелерін сипаттайтын 250-300 сөзден тұратын аңдатпаны Word файл түрінде жүктеңіз.

Маңызды даталар:

- Тіркелу және аңдатпа жіберудің соңғы күні: **17 наурыз 2025 жыл**
- Жұмыстың қабылданғаны жөнінде хабарлама: **27 наурыз 2025 жыл**
- Конференция бағдарламасының бірінші нұсқасы: **31 наурыз 2025 жыл**
- Конференцияның қорытынды бағдарламасы: **7 сәуір 2025 жыл**

Байланыс тұлғасы: Айзада Нуридденова, Құқық және Әлеуметтік ғылымдар факультетінің ғылыми үйлестірушісі. Электронды пошта: iclss@sdu.edu.kz

Жұмыстарды жариялау мүмкіндіктері:
Конференцияда ұсынылған таңдаулы жұмыстар Lexington Books баспасынан жарық көретін ұжымдық монографияда жариялау үшін қарастырылады.

Шақырылған спикерлер

Себастьен Пейроуз Орталық Азия бағдарламасының директоры және Джордж Вашингтон университетіндегі (АҚШ) Еуропа, Ресей және Еуразия зерттеулері институтының зерттеу профессоры, сондай-ақ Брюссельде (Бельгия) орналасқан Еуропа – Орталық Азия мониторингі (EUCAM) ұйымының зерттеушісі.

Анн-Мари Сатр Уппсала университетінің (Швеция) Ресей және Еуразия зерттеулері институтында (IRES) Еуразия зерттеулері бойынша профессор.

Ровшан Ибрагимов Оңтүстік Кореядағы Хангук шет тілдер университетінің Шығыстану колледжінің профессоры.

Пол Ван Чанчжоу университеті (Қытай) Шилян Құқық мектебінің жария құқық профессоры және Ұлыбританиядағы Абердин университеті жанындағы Жаһандық қауіпсіздік және басқару орталығының аға ғылыми қызметкері.

Қарлыға Мысаева әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Журналистика факультетінің қауымдастырылған профессоры.

Ханс-Йоахим Шрамм Висмар қолданбалы ғылымдар университетінің (Германия) Бизнес құқығы профессоры және Бизнес құқығы бағдарламасының жетекшісі.

Сергей Саяпин КИМЭП университеті, Құқық мектебінің профессоры және ғылыми-зерттеу директоры.

Майгуль Нугманова Нархоз университетіндегі гендерлік экономиканы зерттеу орталығының жетекшісі.

Рустам Атаджанов LLB, LLM, Dr. iur., PhD, КИМЭП университеті, Құқық мектебінің қауымдастырылған профессоры және декан орынбасары.